

УДК 58.001

DOI: 10.71130/3079-6245-2025-5-4-5-14

БОТАНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЛААРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖАСАУДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫ ТҮЗЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қ. Үсен

e-mail: ussen.kapar@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ ғылымының өзекті мәселелерінің бірі – терминжасам тұрғысындағы олқылықтар туралы ойлар ортаға салынады. Автор қолданылып жүрген қазақша ботаникалық және салаларалық терминдердің арасында түзетуді немесе әлі де талқылай түсуді қажет ететін терминдер туралы пайымдауларын баяндайды. Өсімдік қауымдастықтарының атаулары мен басқа да терминдерді жасау бойынша өзінің басынан өткен өзгерістерді қорыта келіп, соңғы нұсқаларын ұсынады. Терминжасам ісінің аса жауапкершілікті қажет ететіні және бұл іске қазақтілді мамандардың жұмыла кірісуі тиіс екені де айтылады. Автор әр қазақ тілді ғалымды терминдерді дұрыстау ісіне өз үлесін қосуға шақыра отырып, біршама басты терминдердің өзі ұсынған нұсқасын қолдауға әрі өз еңбектерінде пайдалануға, керек болса Мемлекеттік терминология комиссиясына ұжымдық ұсыныстар беруге шақырады.

Негізгі мәтін

Қазақстан Республикасының тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [1] аясында, қазақ терминдерін біріздендіру, терминкорын реттеу және арттыру бағытында салалар бойынша авторлық ұжымдар 30 томдық қазақша-орысша, орысша-қазақша салалық терминологиялық сөздіктер топтамасын дайындады. Сөздік құрастыру барысында осыған дейін жасалған сөздіктер талданды, бұрынғы жарыққа шыққан еңбектердегі олқылықтарды жоюға, сөздіктердегі жүйелілік пен бірізділікті орнатуға мән берілді. Жұмыс барысында әр сала ғалымдары ғана емес, бір салада қызмет ететіндердің өздері кейбір терминдер бойынша ортақ шешімге келуде қиындықтарға ұшырап отырды. Дегенмен, ұзақ талқылаулар мен қайта қарастырулардың нәтижесінде жұмыс толық бітіп, терминологиялық сөздіктер топтамасы 2014 жылдың соңында жарыққа шықты. Бұл елімізде тіл дамыту саясатын іске асыруда келелі істер атқарылып жатқанын, яғни мемлекеттік бағдарлама аясындағы жоспарлардың орындалып жатқанын көрсетеді. Алайда бұл осымен терминжасам толық аяқталды дегенді көрсетпейді, атқарылар жұмыстар әлі де көп, себебі кей терминдерді талдау барысында әлі де олқылықтар бар екені көрініп-ақ тұр.

Қай тілдің болмасын дамуы сол елдің терминологиясының дамуымен тығыз байланысты. Себебі, тіл, негізінен, жаңадан енген терминдер арқылы дамиды. Терминология мәселесі әрқашан да өзектілік сипатын жойған емес. Өйткені адамзат баласының өнертапқыштық әлеуеті таусылмайынша, ғылым тілі өміршеңдігін жоғалтпайтындығы ақиқат [2].

Қазақ терминологиясы әлі де қалыптасу үстінде, сондықтан әр ғалымның, қала берді кез келген ғылым мен білім саласында қызмет ететін, қазақпын деген азаматтың міндеті терминдер жасау мен оларға баламалар табу жолында үлкен жауапкершілікпен ізденіп еңбек ету [3]. Мен өз әріптестеріме қазақ ғылыми терминологиясындағы олқылықтарды жоюға атсалысу және ондағы жүйелілік пен бірізділіктің орнауына өз қал-қадерімізше үлесімізді қосуымыз керектігін айтып келемін.

Қазіргі кезеңде ғылыми зерттеулердің, оның ішінде географиялық және биологиялық зерттеулердің нәтижелерін жариялаған мақалалардың қазақ тілінде жазылғандарының үлесі тым мардымсыз екені, кезкелген ғылыми басылымдарды саралап қарап, қазақша мақалалар санын жалпы мақалалар санына шақсаңыз, оған

көзіңіз жететіні туралы бұрынғы мақалаларымда келтіргенмін [4, 5]. Әрине, қазақ тіліндегі ғылыми мақалалардың саны тым мардымсыз болуының себептері көп, солардың кейбіріне тоқталайын.

Басты себептерге, кеңестік кезеңде жоғары оқу орнында, оның ішінде биология саласында оқыған қазақтардың барлығы орыс тілінде білім алғанын, терминдерді, өсімдіктердің атауларын орыс және латын тілдерінде жаттағанын, ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін орыс тілінде жазғанын, диссертацияларын орыс тілінде қорғағанын жатқызуға болады. Оған кеңес кезеңінде өсімдіктерді жақсы танитын, қай өсімдіктің қандай қасиеттері бар екеніне қанық емшілердің, балгерлердің қуғын-сүргінге ұшырағанын, ұрпақ сабақтастығының жойылғанын қосыңыз. Соның салдарынан өсімдіктердің қазақша атауларын толық білетін ботаник-ғалымдар некен-саяқ болып қалды, қайсымыз болсын өсімдіктердің қазақша атауларын С.А. Арыстанғалиев пен Е.Р. Рамазановтың «Қазақстан өсімдіктері» мен С.А. Арыстанғалиевтің «Қазақстан өсімдіктерінің қазақша-орысша-латынша атаулар сөздігіне» [6, 7] қарап қана табатын халге жеттік. Өсімдіктердің қазақша атаулары туралы бұл мақалада сөз қозғамаймыз, ол тақырыпқа жеке тоқталу қажет.

Геоботаника саласының басты зерттеу нысанына тоқталсақ, оны бірде өсімдік қауымдастығы, бірде өсімдік бірлестігі (орысшасы растительное сообщество) деп жатамыз, бұл жерде қателік жоқ, дегенмен осы екі сөздің біреуін ғана қалдырған жөн деп есептеймін. Осыған орай, 2014 жылы шыққан «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Экология, 17 том» кітабында орысша «сообщество» терминінің «қауымдастық» деп бекітілгенін [2], дегенмен кейбір авторлардың әлі де болса оған назар аудармайтынын айта кеткен жөн.

Мен қайбір ғалымдардың еңбегін кемсітейін деген ойдан аулақпын, мақсатым - қазақ ғылыми терминологиясындағы олқылықтарды жоюға және ондағы жүйелілік пен бірізділіктің орнауына өз үлесімді қосу. Осыны есте сақтасаңыздар, мысалдар келтірейін.

Қазіргі таңда кез келген жобада, мақалада үш тілде аңдатпа жазылады. Сол жазылатын аңдатпалардың ішіндегі қазақшасына, жұмсартып айтсақ, аса мән берілмейді, соны кім оқиды дейсің деген ұстаныммен жүрдім-бардым аударыла салады. Қазақ ғылымындағы біраз адамдар ғана жетік білетін ағылшын тіліндегі аңдатпаға қазақшаға қарағанда жоғары мән беріледі.

Е.Е.Дильмухамбетов басқа да авторлармен қосылып агроуниверситет баспасының «Ізденістер, нәтижелер» журналында жариялаған мақаласының аңдатпасында орыс тілінде келтірілген «облепиха» өсімдігінің атауын қазақ тіліндегі аңдатпада «бүрген» деп жазады [8]. Мен білетін әдебиеттерде облепиханың қазақша атауы «шырғанақ» екенін және осыны құптайтын ғалымдар да, басқа да адамдар жеткілікті деп есептеймін.

А.К.Ауельбекова басқа да авторлармен қосылып жариялаған мақаласында «Ұсақшоқылы тегістіктердің солтүстік бөлігінде және тау тегістіктерінде ашық-каштанды топырақта сублессингианды-жусанды-бетегелі-селеулі...далалар басымырақ» - деп жазады [9].

Орыстың «Мелкосопочник» деген географиялық терминін де әркім әрқалай атайды, негізі «ұсақшоқы» дегеннен гөрі «шоқы» деп атаған жөн, себебі шоқы дегеннің өзі-ақ еш қоспасыз мелкосопочник мағынасын береді, ал ұсақшоқылы дегені «мелкий» және «сопка» сөздерін тікелей аударғаннан пайда болған сөз тіркесі.

Цитатадағы тегістік сөзіне келетін болсақ, авторлардың «равнинаны» қазақшалағаны болуы керек, оның қазақшасы жазық, яғни «шоқылы жазық». Осындағы өсімдік қауымдастығын жіктеп көрейік. «Сублессингианды-жусанды-бетегелі-селеулі» қауымдастықтағы сублессингианды мен жусанды арасына сызықша қоймау керек, себебі бұл бір өсімдіктің бинарлық атауы, сонымен қатар авторлар *Artemisia sublessingiana* (Kell.) қазақ тілінде майқара жусан деп аталатынын

ескермеген. Бұл қауымдастық атауында қай өсімдік доминант екенін білу мүмкін емес, барлық өсімдік атаулары жалғаумен, сызықша арқылы жазылған. Топырақ атауына тоқталмай-ақ қоялық, себебі топырақтанудағы топыраққа дұрыс атау беру проблемалары ботаникадағы жағдайдан да күрделі екені белгілі. Жоғарыда келтірілген цитатаны мен былайша жазар едім – «Шоқылы жазықтардың солтүстік бөлігінде және тау баурайы жазығындағы ашық-күрең топырақтарда майқаражусанды-бетегелі-селеу далалары басымырақ». Мұндай келеңсіздіктерді келтіре берсең ұшы-қиыры жоқ екені, оның барлығы жүрдім-бардым аударала салудан болып жатқаны да әркімге аян.

Қазақша терминологияның әлі қалыптасу үстінде екенін алысқа бармай-ақ өзіме қатысты мақалаларда өзімнің қауымдастық атауын әр кезде әрқалай атағанымнан көруге болады. Мысалы, 2008 жылы академик И.О. Байтулиннің 80 жасқа толуына арналған ғылыми конференцияда әріптестеріммен бірігіп жариялаған мақаламнан үзінді келтірейін: «Модификациялық өсімдіктер орнын адыраспан аралас эфемерлі-тамыржусандық қауымдастықтар басты» [10]. 2009 жылы Алматыда өткен «Биологиялық әртүрлілік және табиғат пен қоғамның тұрақты дамуы» атты ғылыми конференцияда жарияланған келесі мақаламда: «Ең бастапқы ассоциация ебелекті-эфемерлі-теріскендік, одан кейін ебелекті-теріскенді-қаулық, олардың құрамына келесі арамшөптер – адыраспан, итсигек, шырмауық және басқалар араласады» дегенмін [11]. Бастапқыда, бұлардан бұрын шыққан мақалаларымда қауымдастық атауын басқашалау атаған едім. Өсімдік қауымдастықтарын әр жылы әрқалай атағаныммен, уақыт елегінен өткізе келе, басқа да мақалаларды саралай келе және тілге жатықтығын әрі көңілге қонымдылығын ескере отырып, басқа тұжырымға келдім.

Қазақстанда өсімдік қауымдастықтарына атау беру бойынша біраз мәселелер бар, олар:

1. Қауымдастық атауындағы доминантты ағылшын тілді ғалымдар бірінші орынға қойып, қалғандарын сызықша арқылы тізіп жазса, академиялық құрылымдардың орыс тілді ғалымдары доминантты соңғы орынға қояды. Ағылшын тілділердің уәжі – доминант бірінші тұру керек. Орыс тілділердің уәжі - доминант соңында тұрса, аты толық аталады.

2. Ауылшаруашылық мекемелеріндегі мамандар орыс тіліндегі атауларды ағылшын тілділер сияқты бірінші орынға қояды, уәжі – доминант бірінші тұру керек. Осылайша, бұрынғы посткеңестік мемлекеттерде қауымдастық атауын осылай екі түрлі атау қалыптасып кеткен. Соған байланысты түсініспеушіліктер де болып тұрады.

3. Геоботаниканың басты нысаны – өсімдік қауымдастығы болғандықтан ол басты назарда болуы тиіс. Ал нақты өсімдік қауымдастығының қазақша атауына келетін болсақ, қазіргі кезде әр қазақ тілді автор қалай жазам десе солай жаза береді, бірізділік немесе қабылданған жүйелілік мүлде жоқ. Ал қабылданған жүйелілік болмаса, әр зерттеуші әрқалай атай берсе, адам шатасатын қойыртпаққа бататынымыз сөзсіз. Негізі, бір жолға салғаннан дұрысы жоқ. Сонда академиялық құрылымдар мен ауылшаруашылық мекемелері бірдей атайтын болады, яғни қазақ тілінде бүкіл Қазақстан ботаникасында бірізділікке қол жеткіземіз.

Өсімдік қауымдастықтарының атауы қазақша қалай болғаны дұрыс?

Біз әр тілде әртүрлі жазылатынын ескеру арқылы нақты шешімге келе алмаймыз, себебі бірнеше қалыптасып кеткен нұсқалар бар, олар туралы жоғарыда айтылды. Біреуін таңдай салу ұстанымы да дұрыс болмайды. Ең дұрысы, өсімдік қауымдастығына қазақша атау беруде тілге жатық әрі қай жағынан болса да көкейге қонымды болуын қарастыру.

Өсімдік қауымдастығының орысша және қазақша атауларына мысал келтірейік (доминант қалың шрифтпен жазылған). Қауымдастықтың орысша атауы ауылшаруашылық мекемелерінде **«Терескеново-эфмерово-эбелековое»**

сообщество болса, академиялық құрылымдарда керісінше, «Эбелеково-эфемерово-терескеновое» сообщество деп аталады, оны қысқашалап «терескенник» деп те атайды. Қазақша «Ебелекті-эфемерлі-теріскен» қауымдастығы деп атасақ, біріншіден қауымдастық атауы доминанты бойынша жұрнақсыз жазылады. Екіншіден қауымдастық атауында құрамдас бөліктері жұрнақпен әрі арасына сызақша қою арқылы жазылады, яғни олардың доминант емес екені көрсетіледі. Үшіншіден оны қысқартқан түрде «Теріскен қауымдастығы» деп тек доминанты бойынша атасақ та көңілге қонымды болады.

Мен 2014 жылы экология саласы бойынша терминдер сөздігін құрастыру ұжымының мүшесі болып жұмыс атқардым. Мақалада сөздікті құрастыру барысындағы және сөздіктер шыққаннан кейін салаларалық терминдерді талдау барысында түйген ойымызды баяндауды жөн көрдім.

Сөздік құрастыру барысында бұрын қазақшасы болмаған көптеген жаңа терминдер де дүниеге келді. Сол терминдердік біразын келтірейін (1 кесте).

Келтірілген тізімдегі «жалағаш», «жүйеленім», «оймауыт», сөздері мен күнделікті тіршілікте қолданылатын «төңірек» сөзі бұрын термин болмаған сөздер қатарында. Ал, «биологиялық алуандық», «ағашқұрам», «шөпқұрам», «өсімдікжабын», «түтінтұман», «жікқабат» терминдері жаңадан құрастырылған терминдер қатарына жатады.

1 кесте – Сөздіктегі қабылданған жаңа терминдер

ағашқұрам – древостой	қарабалшық – ил
биологиялық алуандық – биологическое разнообразие	оймауыт – западина
белдемше – подзона	өсімдікжабын – растительность
есті адам – человек разумный	текше – терраса
жағашағыл – дюна	төңірек – окрестность
жалағаш – лесополоса	түтінтұман – смог
жүйеленім – систематика	шөпқұрам – травостой
жікқабат – ярус	шұбырынды – скотосбой

Осылардың ішіндегі қазіргі таңда ғылымның көптеген салаларында жиі қолданылатын «биологиялық алуандық» (биоалуандық) және «өсімдікжабын» терминдеріне тоқтала кетейік. «Биоразнообразие» терминін қазақшаға кімге қалай ұнайды, солай аударды, солардың ішіндегі жиі кездесетіні «биоалуантүрлілік», «биоэртүрлілік» «биокөптүрлілік» және «биоэрулуандық» (2 кесте).

2 кесте – Биоразнообразие ұғымының қазақшаланған нұсқалары

Биоразнообразие	Биоалуантүрлілік
	Биоэртүрлілік
	Биокөптүрлілік
	Биоэрулуандық

«Биоразнообразие» терминінің жоғарыда аталғандары көңілге қонымсыз деп есептеймін, оның себебіне тоқталайын. Орыс тіліндегі «биоразнообразие» «ландшафтное разнообразие», «генетическое разнообразие», «фитоценоотическое разнообразие», «видовое разнообразие» және т.б. жіктелетінін ескере отырып оларды қазақшаласақ былайша болады:

«Ландшафтное разнообразие» - «ландшафттық алуантүрлілік», «генетическое разнообразие» - «генетикалық алуантүрлілік», «фитоценоотическое разнообразие» - «фитоценоздық алуантүрлілік», «видовое разнообразие» - «түрлік алуантүрлілік» болып шығады (3 кесте). Осыдан бұл аудармалардың мүлде дұрыс еместігіне көз жеткізуге болады.

3 кесте – Биоразнообразие – Биоалуандық ұғымының жіктелуі

ландшафтное разнообразие	ландшафттық алуантүрлілік
генетическое разнообразие	генетикалық алуантүрлілік
фитоценотическое разнообразие	фитоценоздық алуантүрлілік
видовое разнообразие	түрлік алуантүрлілік

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің бұрынғы ботаника кафедрасының маңдайшасындағы кафедраның жаңаша атауында да осы қателік жазулы тұрғаны кынжылтады. Дұрысы алуантүрлілік те, әртүрлілік те, көптүрлілік те, әралуандық та емес - **«алуандық»**. Себебі қазақ тіліндегі алуан деген сөздің өзі-ақ «алуантүрлі» «көптүрлі» «әралуан» «нешетүрлі» дегенді білдіреді. Оның үстіне, термин құрастырудың ұстанымы бойынша белгілі бір ұғымды бір немесе неғұрлым шектеулі сөздермен беру қажет екенін ұмытпағанымыз жөн. Енді «фитоценотическое разнообразие» терминіне тоқталайық. Көптеген авторлар оны «фитоценодикалық алуантүрлілік» деп аударады. «Фитоценотическое» сөзінің түбірі «фитоценоздан» шығып тұрса, біз неге «фитоценодикалық алуантүрлілік» дейміз, дұрысы «фитоценоздық алуандық» немесе «фитоценоздар алуандығы» болуы тиіс емес пе?

Авторлардың жиі шатастыратын терминдеріне тоқталсақ, олар: «растительность» және «растительный покров». Орыс тіліндегі жеке өсімдіктен бастап, флораға дейінгі терминдерді тізбек бойынша орналастырсақ былай болып шығады: «растение» → «растения» → «растительное сообщество» → «растительность» → «растительный покров» → «флора». Оны қазіргі кезде ғылыми басылымдарда пайдаланылып жүрген терминдер қатары бойынша қазақшаласақ: өсімдік → **өсімдіктер** → өсімдік қауымдастығы → **өсімдіктер** → өсімдік жамылғысы → флора (4 кесте).

4 кесте – Пайдаланылып жүрген орысша – қазақша терминдер

Растение	Өсімдік
Растения	Өсімдіктер
Растительное сообщество	Өсімдік қауымдастығы
Растительность	Өсімдіктер
Растительный покров	Өсімдік жамылғысы
Флора	Флора

«Растительность» ұғымын көбінесе өсімдіктер деп жаза салу үрдісі жиі кездеседі, оның басты себептерінің бірі, осы ұғымның анықтамасындағы екіұштылық, соған байланысты авторлардың ізденіп бас қатырмау жолын таңдауы. Сонда «растения» мен «растительность» ұғымдарының бірдей болғаны ма? Әрине, жоқ. Сондықтан жоғарыда аталған сөздікті құрастыру бойынша құрылған авторлық ұжым «растительный покров» және «растительность» ұғымдарына байланысты «өсімдік жамылғысы» және «өсімдікжабын» деген терминдерді бекітті. Оған дейін «растительный покров» пен «растительность» ұғымдарының әрқайсысына жеке атау беру үшін «өсімдік жамылғысы», «жер түгі», «көк кілем», «өсімдік жабыны», «өсімдікжабын» және т.б. терминдер талқыға салынды. Сосын растительность ұғымын екі сөзді біріктіріп «өсімдікжабын» деп атауға тоқталдық. Басын ашып алу үшін орыс тілді әдебиеттерде келтірілетін анықтамаларды қарастырайық:

«Флора» – совокупность видов растений, обитающих на определенной территории;

«Растительное сообщество» – определенная группировка растений, приспособленная к определенным условиям местообитания и четко отграниченная от окружающей растительности;

«Растительность» – совокупность растительных сообществ на земном шаре или части его [12].

«Растительность», «растительный покров» – совокупность растительных сообществ (фитоценозов) а также сопутствующих им группировок растений, населяющих Землю или отдельные его районы [13,14] - бұл жерде екі ұғым синонимдер ретінде келтірілген.

Жоғарыдағы әдебиеттерде «растительный покров» ұғымына жеке анықтама берілмеген.

«Растительный покров» рассматривается нами как совокупность особей зеленых автотрофных растений, населяющих сушу и акваторию нашей планеты.

«Флора» - это таксономическая характеристика растительного покрова некоторой территории. Совокупность видов, родов, семейств, порядков и более высоких таксонов, встречающихся на достаточно большой территории, традиционно составляют суть понятия флора.

Под «растительностью» мы понимаем функциональный аспект организации растительного покрова, больше известный как аспект фитоценотический. В последнее время исследователи все более осознанно отделяют его от аспекта таксономического, хотя вполне четкого разделения еще нет, нет и четкого непротиворечивого определения растительности. Растительность может быть оценена как набор ценоэлементов, т. е. набор устойчивых систем обитания особей разных видов и экобиоморф, свойственный определенному участку растительного покрова [15].

Соңғы әдебиеттегі осы ұғымдарды қазақшаға аударсақ былай болмақ:

«Өсімдік жамылғысы» – біздің планетамыздың құрлығы мен акваториясын мекендейтін автотрофты жасыл өсімдіктердің жиынтығы;

«Флора» – белгілі бір территорияның өсімдік жамылғысының таксономиялық сипаттамасы. Үлкен аумақты қамтитын территорияда кездесетін түрлер, туыстар, тұқымдастар, және басқа да олардан жоғары таксондардың жиынтығы флора ұғымының мәнін құрайды;

«Өсімдікжабын» – көбінесе өсімдік жамылғысының фитоценоздық бейнесі ретінде мәлім функциялық ұйымдасуы. Кейінгі кездерде зерттеушілер оны таксономиялық бейнеден саналы түрде ажыратуға тырысады, дегенмен әзірше нақты ажырату да, сонымен қатар екіұшты емес анықтамалар да жоқ. Өсімдікжабынды белгілі бір аумақтың өсімдік жамылғысының ценоэлементтерінің жиынтығы ретінде, яғни өсімдік жамылғысының белгілі бір бөлігіне тән алуан түрлердің особтары мен экобиоморфтарының орнықты тіршілік ортасының жиынтығы ретінде бағалауға болады.

Қысқаша түрде айтсақ, **«Өсімдік жамылғысы» – белгілі бір аумақтың өсімдіктерінің жиынтығы, «Флора» – өсімдік жамылғысының таксономиялық сипаттамасы, «Өсімдікжабын» – өсімдік қауымдастықтарының жиынтығы** болады.

«Растительный покров» пен «растительность» ұғымдарының, яғни бірталай уақыттан бері өсімдік жамылғысы деп аталып келген ұғым мен өсімдікжабын деп соңғы сөздікте бекітілген ұғымның жігін ажыраттық делік. Дегенмен, өсімдікжабын термині қаншалықты көңілге қонымды деген сұрақ туындайды. Термин құрастыру кезінде орыс ғалымдары да кейбір терминдерді ойдан шығарғаны, ол терминдердің келе-келе құлаққа үйреншікті болып кеткені, сосын олардың терминологияға да сіңісіп кеткені белгілі. Мысалы, «фитоценотическое разнообразие» ұғымы дұрысы «фитоценозное разнообразие» немесе «разнообразие фитоценозов» болуы тиіс еді, себебі түбірі «фитоценоз». Орыс ғалымдары естігенде әдемілік нышаны болуы үшін

«фитоценоотическое» дегенге тоқталған деген көзқарас бар. Сол сияқты «растительность» ұғымы да автотрофты жасыл өсімдіктердің жиынтығы (растительный покров) мен өсімдік жамылғысының фитоценоздық бейнесін, яғни өсімдік қауымдастықтарының жиынтығының (растительность) жігін ажырату үшін ойдан құрастырылған термин болуы мүмкін. Тағы бір мысал ретінде «лесные насаждения» терминін алайық. Орманшылар мен орманға қатысты мамандар әңгіме табиғи ормандар туралы екенін біледі, ал білмеген адам әңгіме тек қолдан егілген ағаштар туралы екен деп ойлайды. Мұндағы қарама-қайшылық көзге ұрып тұр, бірақ солай қабылданып кеткен. Әрине, кей терминдер басында құлаққа бірден үйреншікті болып кетпейтіні, оның санаға сіңуі одан да қиын екені белгілі. Дегенмен, кей жағдайда бір шешім қабылдануы тиіс екені де хақ. **Өсімдікжабын терминінің бекітілуі де осының бір көрінісі.**

Өсімдік қауымдастықтарының деградациясына қатысты тағы бір термин - «скотосбой», оны көбінесе «тапталған жер» деп аударып жүргендер бар [16]. «Скотосбой» дегеніміз бір жайылым бөлігін үздіксіз пайдаланғандықтан оның тозып кетуі. Ондай жайылым бөлігін атам қазақ «шұбырынды» деп атаған. Себебі, тозған жайылымда азықтық құндылығы бар өсімдіктердің орнын мал жемейтін, улы өсімдіктер басып кетеді, сондықтан ондай жерлерде мал тоқтап жайылмайды, **шұбырып**, азық болатын өсімдіктері бар аумақтарға өрістейді. Ондай жерлерде малды жаймақ түгіл, иіріп ұстап тұра алмайсың. Сондықтан жайылымның малазықтық қорын есептеу кезінде ондай жайылым бөліктері жайылымдар қатарынан да алынып тасталады. Ал тапталған жер деген сөз тіркесі жайылымға түскен кері әсерлердің бірін ғана сипаттайды.

Жалпы алғанда, қазақ тілінің бай қоры әлі де толық пайдаланылмай жатқаны жалған емес. Оған мысал ретінде бедерге (рельеф) қатысты қазақтың бел, белес, белең, дөң, дөңес, бет, беткей, төс, төскей, бөктер, баурай, дегерес, бұйрат, қыр, қырат т.б. сияқты сөздерді келтіруге болады. Осы дайын терминдердің қолданыстан шығып бара жатқаны да алаңдатады. Көбіміз осы геоморфологиялық терминдердің қайсысы қандай бедерді сипаттайтынын біле бермейміз.

Жоғарыда келтірілген сөздердің ішіндегі бет, беткей, төскей, дегерес сөздерінің анықтамасы ҚСЭ-да берілмеген [17]. Ал қолданыстан шығып бара жатқан дегерес сөзінің анықтамасын жазушы Балғабек Қыдырбекұлының «Алатау» романынан оқуға болады, онда: «Дегерес – ұлы тауларда көп болатын тақия сияқты көрінісі бар төбе... Айналасы дөп-дөңгелек тазтауланып келген де, нақ ұшар басы мың қойдың қорасындай, теп-тегіс.» - деген анықтама беріледі (1 том, 15 бет) [18].

Келтіре берсек мысал көп, соның ішіндегі келесі терминдердің өз пайымдауымдағы нұсқаларын ұсынсам деймін. «Горные прилавки - тау бөктері», «предгорье - адыр», «предгорная равнина - тау баурайы». Осындағы предгорная равнина дегенді көбінесе тау алды жазықтары деп жатады. Меніңше баурай сөзі кең аумақты қамтиды, мысалы Баянауыл баурайында деген сөз тіркесі тау алдындағы кең жазықты көрсетеді, яғни тау баурайы дегеніміз көңілге қонымды.

Орысша «болота» термині кейінгі жылдары қазақ тілінде «батпақ» деп аударылады, менің пайымдауымша ол «саз» болуы тиіс. 1962 жылы шыққан «Почвы Алма-Атинской области» кітабының 114 бетінде мынадай түсініктеме бар: «У основании конусов выноса грунтовые воды выклиниваются, образуя ключи и заболоченные места (сазы) [19]. Сол тұстағы және өткен ғасырдың 1-ші жартысындағы кітаптарды оқысаңыз топонимика және географиялық атаулар жағынан бірталай мәліметтер жинақтауға болады. Сол әдебиеттерде «Саз» - «Болота» деп аударылғандығы, сонымен қатар «Саз», «Такыр», «Сай» т.б. секілді терминдер қай тілде (қазақ, орыс) жазылған мақала, кітап болсын қазақ тіліндегі баламасымен жазылатын болған. Қазақтың «Қарасаз», «Белсаз» т. б. атаулары сазды, яғни «заболоченный» жерлерге берілетінін сол өңірлерде туып өскен адамдар жақсы біледі. Өзіміз орысшаны жақсы меңгергендігімізді көрсетіп, біртіндеп қазақша

баламасын жазудан «арылдық», тек таза орыс тілінде жазатын болдық. «Саз», «тақыр», «сай» т.б. терминдердің ішінде «Тақыр» термин ретінде қалды. Біздің пайымдауымызша, осының барлығы қазақ тілінің қолдану аясының тарылып, аудармалардың дұрыс-бұрыстығына аса мән берілмеген кеңес кезеңіндегі олқылықтардың салдары.

Алматының жоғарғы бөлігіндегі бұрынғы «Горный гигант» ауылы кеңес кезеңінің өзінде «Таулы қырат» деп аударылған, әлі де солай аталады. Ойланып көрсек, бұл сөз тіркесі мүлде қате екеніне көз жеткіземіз. Себебі қырат таулы немесе шоқылы өңірдің бір бөлігі ретінде немесе жеке қарастырылады, таудың қыраты болуы болуы мүмкін, тек таулы қырат емес. Сол сияқты қазіргі топырақтанушылардың еңбектерін оқысаңыз «таулы топырақ» деген сөз тіркесін кездестіресіз. Ол «горные почвы» дегенді аударғандары. Дұрысы «тау топырақтары» немесе таудың топырақтары болуы тиіс деп есептеймін.

Өзінің қазақша атауына «ие» бола алмай келе жатқан терминдердің біріне «долина» терминінің қазақшасын жатқызуға болады. Орыс тіліндегі «долина» терминін әріптестеріміз көбінесе «аңғар» деп аударып жүр, ол құптауға келмейді, себебі ол «пойма» терминінің де қазақшасы. 1978 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл білімі институты шығарған орысша-қазақша сөздікте орысша «долинный» сөзі аңғар, алап, алқап» деп аударылған. «Алқап – угодые» деп аударылып, оңды болғандықтан сіңіп те кетті. Геология саласы бойынша жаңа шыққан сөздікте де «долина» «аңғар» деп аударылған. Қазақтың «аңғар» сөзі өзен бойындағы тар аумақты ғана қамтитынын, орыстың «межгорная долина», «горнодолинный», «долина реки» секілді түсініктерінің бәріне жалғыз «аңғар» сөзін ғана қолдану тілдің бай қорын пайдаланбаудан болып жатқандай көрінеді. Меніңше, кең аумақтарды да қамтуы мүмкін түсініктерді «долина» - «атырап» деген жөн сияқты, ал «аңғар» тек өзеннің өзіне қатысты қолданылуы тиіс. Ал «горная страна - тау елі» деп аударылған, бұл терминге қолайлысы «таулы өлке» болар.

Алматы облысындығы Алтын Емел Ұлттық саябағының аумағындағы орысша «Поющий бархан» деп аталып кеткен құм шағылы қазақша қате, «Әнші құм» деп аударылып жүр. Сол жерде мекендейтін жергілікті халық оны «Айғайқұм» деп атайды, парк құжаттарындағы атауы да «Айғайқұм».

Қорытынды

Жаңа шыққан сөздіктерді қарап шықсаңыз, әлі де болса олқылықтар кездесетініне көз жеткізесіз, оның көптеген себептері бар. Қанша қайта тексеріп, қайта қарап отырсақ та, дұрыс шешімі табылмаған немесе сөздікке кіруі тиіс, бірақ кірмей қалған терминдер де бар, яғни кемшіліксіз емес. Сонымен қатар терминжасам мәселесі күнде өзгеріп жатқан дүниеге, ашылып жатқан ғылыми жаңалықтарға байланысты үздіксіз жүріп жатуы тиіс үрдіс.

Жоғарыда геоботаниканың негізгі терминдеріне, сосын салаларалық біраз терминдерге тоқталдық. Біз осындай келелі мәселелердің дұрыс шешімдерін тауып алмасақ, болашақта туындайтын проблемалар көбеймесе, азаймайды. Сол себепті ғылым мен білім саласындағы қызметкерлердің бітіруіне тиісті жұмыстар ұшан-теңіз, ол жұмыстарды жұмыла атқару біздің міндетіміз. Ұшан-теңіз жұмыстардың ішінде қазақ ботаниктерінің кейінге қалдырмай, бір шешімге келіп, бірізділікке қол жеткізуі тиіс басты терминдерді тағы атап өткенді жөн көрдім, олар:

1. Биологиялық алуандық – Биологическое разнообразие;

2. Өсімдікжабын – Растительность;

3. Өсімдік жамылғысы – Растительный покров

4. Ярус – Жікқабат;

5. Шұбырынды – Скотосбой.

6. Өсімдік қауымдастығын қазақша атағанда доминатты соңына, еш жұррнақсыз қою. Сонда, біріншіден, қауымдастық атауы доминанты бойынша

жұрнақсыз жазылады. Екіншіден қауымдастық атауында құрамдас бөліктері жұрнақпен әрі арасына сызақша қою арқылы жазылады, яғни олардың доминант емес екені көрсетіледі. Үшіншіден оны қысқартқан түрде, мысалы «Теріскен қауымдастығы» деп тек доминанты бойынша атасақ та көңілге қонымды болады.

Мен барлық қазақ тілінде жазатын әріптестерімді 1-ші кезекте осы мақаланың соңында келтірілген **алты термин** бойынша автор ұсынған нұскаларды қолдауға, өз еңбектерінде пайдалануға, қажет болса талқылаулар жүргізіп, Мемлекеттік терминология комиссиясына ұжымдық ұсыныс беруге шақырамын.

Мақаланы алаштың ардақтысы, қазақтан шыққан тұңғыш биолог-ғалымдардың бірі, 1938 жылы нәубаттың жазықсыз құрбаны болып кеткен Жұмақан Маусымбайұлы Күдериннің «Өсімдіктану» оқу құралына жазған дәйектемесінен үзінді келтіріп аяқтағанды жөн көрдім [20]:

«Менің жеткізе алмаған жерімді толықтырып, жол көрсетіп, жөн сілтеуші азамат болса, айтқанын орындап, адамшылығына алғыс айтар едім... Бұл іске ер де, ел де көмектесер деп сенемін. Ерінбей соңына түсу менің міндетім».

Мен, қазақтың біртуар ұлы - Жұмақан Күдериннің өзін сияқты ізбасарларын латын әрпіне көшу басталмай тұрып терминдерді құрастыру, оларға баламалар табу жұмыстарына атсалысуға шақырамын. Ол жұмыстарды іске асыру жолында өзара көмек жасап, ерінбей ізденіп, салиқалы талқылаулар жүргізу арқылы қазаққа ғана керек өзекті мәселердің шешімін табуға тиіспіз.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1000001128>
2. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Экология. 17 том / жалпы ред. басқ. М.Б. Қасымбеков, жобаның ғыл. жетекшісі А.Қ. Құсайынов. – Алматы: ҚАЗАқпарат баспа корпорациясы, 2014. 506 б.
3. Үсен Қ., Мұсаев Қ.Л. Жер атаулары мен ботаникалық терминдерге қатысты мәселелер // «Қазақстан Республикасындағы туризм және география дамуының қазіргі мәселелері: бүгінгі және болашағы» Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, 19 қыркүйек, Павлодар, 2013. Б. 194–199.
4. Үсен Қ., Мұсаев К.Л., Аскарбекова А. Ботаникалық терминдерді қазақшалау мәселері // «Қазақстандағы ботаникалық алуантүрлілікті заманауи кезеңде зерттеу» Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Халықаралық ғылыми конференция. Алматы, 2013. Б. 84–86.
5. Үсен Қ. Қазақстан ботаникасының қалыптасуына үлес қосқан алғашқы еңбектер және қазақша термин жасау мәселелері // «Изучение, сохранение и рациональное использование растительного мира Евразии» Международная научная конференция. Алматы, 2017. – С. 237-243.
6. Арыстанғалиев С.А., Рамазанов Е.Р. Қазақстан өсімдіктері. Алматы. 1977.
7. С. Арыстанғалиев С.А. Қазақстан өсімдіктерінің қазақша-орысша-латынша атаулар сөздігі. Алматы, 2002. 186 б.
8. Дильмухамбетов Е.Е. и др. Особенности микроэлементного состава вегетативных органов облепихи Алматинской области. Алматы: Агроуниверситет, 2011. С. 63–67.
9. Ауельбекова А.К., Белгибекова К.М., Атикеева С.Н., Ахметжанова А.И., Қыздарова Д.Қ. Ақтау тауының өсімдіктері (Орталық Қазақстан) // «Өсімдіктер әлемі және оны қорғау» Халықаралық ғылыми конференция. Алматы, 2012. Б. 411.
10. Үсен Қ., Мирзадинов Р.А., Торгаев А.А., Муханова Г.Н. Ақши өңіріндегі өсімдік жамылғысының қайта қалпына келу үрдістері // Сборник материалов

научной конференции, посвященной 80-летию академика И.О.Байтулина. Алматы, 2008. С. 183-185.

11. Үсен Қ. Шөл бұтасы теріске күйінің күрт нашарлау себептері // Әль-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 75 жылдығы мен биология факультетінің 75 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы, 2009. Б. 272–274.

12. Богорад В.Б., Нехлюдова А.С. Краткий словарь биологических терминов. – Москва: Государственное учеб.-пед. изд-во Мин-ва просв. РСФСР. 1963. 236 с.

13. Быков Б.А. Геоботанический словарь. – Алма-Ата: Наука. изд. 2-е, доработ. и доп. 1973. 216 с.

14. Миркин Б.М., Розенберг Г.С. Толковый словарь современной фитоценологии. – М.: Наука, 1983. 136 с.

15. Галанин А.В. Флора и ландшафтно-экологическая структура растительного покрова. – Владивосток: ДВО АН СССР, 1991. 272 с.

16. Таирова С.К. Бұрынғы «Ойық» совхозы жайылымдарының өсімдік жамылғысының деградациясын экологиялық-экономикалық бағалау // Доклады и тезисы докладов Международной научно-практической конференции «Экологические проблемы агропромышленного комплекса» – Алматы, 2004 г., в 2-х книгах. Книга 2. – Каз. НАУ, 2004. С. 162–164.

17. Қазақ Совет энциклопедиясы // Бас редакторы М.Қ. Қаратаев. – Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясы. Алматы қаласы, 1972 ж. 1–11 томдар.

18. Қыдырбекұлы Б. Алатау. Роман. – Алматы: Жазушы, 1986. 472 б.

19. Соколов С.И., Ассинг И.А., Курмангалиев А.Б., Серпиков С.К. Почвы Алма-Атинской области. – Алма-Ата: изд. Академии наук КазССР. Вып. 4. 1962. 423 с.

20. Күдерин Ж.М. Өсімдіктану. Оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1992. 262 б.